

**Құрманғазы ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 220-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 желтоқсанда № 31502 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес Құрманғазы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Құрманғазы ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 4 қарашадағы № 460-V "Құрманғазы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3346 болып тіркелген) және аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 474-VI "Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 4 қарашадағы № 460-V "Құрманғазы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4564 болып тіркелген) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Б. Жугинисов*

Құрманғазы аудандық  
мәслихатының 2022 жылғы  
23 желтоқсандағы № 220-VII  
шешіміне

**Құрманғазы ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер**

Атауы	Есептік бірлік	теңге (қосылған құн салығысыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғынға (айына)	149,04
Жайлы емес үйлер	1 тұрғынға (айына)	171,68

Бір бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	1 м3	1131,96
---------------------------------------	------	---------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК